

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

3

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2015

МАМЫР
МАЙ
MAY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байгулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

SOCIAL ASPECT OF POLITICAL METAPHORS

S. A. Saduakassova

Zhetysu state university named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

E-mail: saida-otan@mail.ru

Keywords: metaphor, personality, discourse, talk-show, aspect.

Abstract: Political and social function of language is reflected in society as a means of communication. Communication is one of the conditions for the formation of the individual in society. Social groups do not exist in isolation from society, they are members of this society, taking an active part in the mass media in a variety of cultural, literary, sports events, etc. Define the vision, professional relationships, professional responsibilities and goals of speakers can be identified by characteristics and content of speech involved in the political discourse. Political metaphor in political discourse, creating a positive or negative reaction of the recipient to a specific event, is also a means of evaluation and expressive-and- emotional impact. This article focuses on the social aspect and feature of the use of the perspective of the political discourse in the speech participants talk show programs metaphors pointing to the richness of vocabulary and accurate presentation of the topic. During the analysis of linguistic facts revealed that social identity can not exist outside of politics that the emergence of social metaphors affects social problems. If in a certain area, the term involved in the creation of a political metaphor, it falls out of this terminological area. Also it is established the frequent use in speech practice of occasional metaphors.

ӘОК 811.512.122.373

САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІСІ (Ток-шоу бағдарламалары негізінде)

С. Ә. Садуақасова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан

Тірек сөздер: метафора, тұлға, дискурс, ток-шоу, аспект.

Аннотация. Тілдің әлеуметтік және саяси мәні оның адамдар арасындағы коммуникативтік құрал ретінде атқаратын қызметінде көрініс табады. Коммуникативтік қызмет адамның әлеуметтік тұрғыда қалыптасуының, әлеуметтік тұлға ретінде қоғамда өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Әлеуметтік топтар мен топ мүшелері қоғамнан тыс өмір сүрмейді, олар қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз алады, түрлі мәдени, әдеби, спорттық шаралардың бел ортасында жүреді т.б. Саяси дискурста қатысатын олардың тілдік тұлғасынан туындайтын мәтіндер, сонымен қатар, сөйлеу әрекетінен олардың кәсіби қарым-қатынастық біліктілігі, дүниетанымы, оның кәсіптік мақсаты мен міндеттері тұтастай көрініс табатын болғандықтан, олардың тілдік ерекшеліктері де назар аударуға мол мүмкіндік жасайды. Бұл мақалада саяси дискурста оқырман не тыңдарманның белгілі оқиғаға қатысты оң немесе теріс көзқарасын қалыптастырып, бағалауыштық және экспрессивті-эмоционалды сипаттағы көркемдік құрал болып табылатын саяси метафораның ток-шоу бағдарламалары негізінде әр адамның сөйлеу тілінде қолданылу ерекшеліктері мен оның әлеуметтік аспектісі қарастырылған. Тілдік фактілерге жүргізілген талдау барысында әлеуметтік тұлғаның саясаттан тыс өмір сүрмейтіндігі; саяси метафоралардың жасалуына әлеуметтік мәселелердің негіз болатындығы; белгілі бірі сала термині саяси метафора жасауға қатысса, ол термин аясынан шығып қалатындығы; сөйлеу тілінде окказионал метафоралардың жиі қолданылатындығы анықталған.

Тілдің адамдар арасындағы коммуникативтік құрал ретінде атқаратын қызметінің зор екендігі белгілі. Тілдің әлеуметтік және саяси мәні осы қызметінде көрініс табады. Коммуникативті қызмет адамның әлеуметтік тұрғыда қалыптасуының, әлеуметтік тұлға ретінде қоғамда өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Тіл – әлеуметтік орта өкілдерінің өзара сөйлесу, пікір алмасу немесе қарым-қатынасты жүзеге асыру құралы ғана емес, сондай-ақ, адамның әлеуметтік жағынан дамуын қамтамасыз етудің алғышарты.

Қазіргі уақытта елімізде орын алып жатқан геосаяси, экономикалық және мәдени маңызды өзгерістер халықтың әлеуметтік құрамына да өз әсерін тигізуде. Халықтың әлеуметтік жағдайы оның тіліне де ықпал етері анық. Осыған орай, бүгінгі тілдегі әлеуметтік факторлар түрлі әлеуметтік топтар мен тұлғалардың тілдік қолданыстарындағы ерекшеліктерін қалыптастырды. Тілдің әлеуметтік мәнін дұрыс тану – тілдің тарихи дамуы, қызметі мен өзара әрекеттесімінің заңдылықтарын тану үшін; қоғам мен жеке индивидтің тілге әсерін тану үшін; тілдің адам дамуының өткені, бүгінгі мен болашағына әсерін тану үшін негізгі мәнге ие болады [1, 74 б.].

Әлеуметтік топтар мен топ мүшелері қоғамнан тыс өмір сүрмейді. Қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз алады, түрлі мәдени, әдеби, спорттық шаралардың бел ортасында жүреді т.б. Саяси дискурста қатысатын олардың тілдік тұлғасынан туындайтын мәтіндер, сонымен қатар, сөйлеу әрекетінен олардың кәсіби қарым-қатынастық біліктілігі, дүниетанымы, оның кәсіптік мақсаты мен міндеттері тұтастай көрініс табатын болғандықтан, олардың тілдік ерекшеліктері де назар аударуға мол мүмкіндік жасайды.

Мақалада ток-шоу бағдарламалары негізінде әр адамның ойының ұшқырлығын, сөздік қорының молдығын көрсететін метафоралардың саяси дискурста қолданылу ерекшеліктері мен оның әлеуметтік аспектісі қарастырылмақ.

Жалпы, тіл-тілде қарым-қатынас формаларының бірі саналатын сөйлесу процесі барысында, күнделікті қоғам өмірінде метафоралардың қолданылуының теориялық жағынан гөрі практикалық маңызының басым екендігін көрсетеді.

XX ғасырдың ортасына дейін метафораның түсініктемесі ретінде Аристотельдің «Поэтикасындағы» анықтама қолданылып келді: «Метафора – это приложение к одной вещи имени, принадлежащего другой. Мы можем приложить (а) имя рода к элементу рода, или (б) имя элемента рода приложить к роду, или (в) имя одного элемента рода приложить к другому элементу того же рода, или (г) перенос может основываться на пропорции».

Аристотель «Метафора сөз мағынасының тектен түрге, түрден текке немесе түрден түрге, я болмаса ұқсату негізінде өзгеруі» дейді [2, 37 б.].

1962 жылы ағылшын зерттеушісі М. Блэк метафора терминін талқылаудың жаңа жолын ұсынды. Ғалымдар арасында бұл ұсыныс интеракциондық атауға ие болды. Оның пайымдауынша: «Метафора – бұл ауызша амалдар деңгейінде емес, неғұрлым тереңірек, арақатынас кезінде, интеракцияда, сөздің негізінде жатқан концептуалдық құрылымдарда көрініс табатын тілдің табиғатпен байланысты феномені» [3, 24 б.].

Макс Блэк сөздердің метафоралануын зерттеуде интерактивті әдісті, яғни метафоралануға негіз болатын нысан мен оның екіншілік атауының арасындағы байланысты анықтау арқылы олардың табиғатын зерттеуді ұсынады. Осы әдісті пайдалана отырып, төмендегідей тұжырымдар жасайды: 1. Метафоралы ойлауда басты және қосымша субъектілер болады. 2. Бұл субъектілерді жүйе ретінде қарастыруға болады. 3. Метафора механизмінде басты субъектіге ассоциациялы жасырын (имплицитті) мағына үстелінеді. 4. Бұл жасырын мағыналар қосымша субъектімен байланысты жалпыға белгілі ассоциациялар болуы мүмкін. 5. Метафора көмекші субъектілердің белгілерін имплицитті түрде өзіне қабылдайды. Осыған сәйкес, метафора басты субъектіге тән белгілі бір қасиеттерді ерекшелеп, енді бірлерін кейін ысырады. 6. Бұл сөз мағынасының өзгеруіне әкеледі. 7. Мағына өзгеруіне қойылатын талап, ереже жоқ. Соған сәйкес метафоралардың әрқайсысы өзгешелігімен ерекшеленеді

В.Г. Гак «Метафора тілдегі әмбебап құбылыс болып табылады. Оның әмбебаптығы уақыт пен кеңістікте, тілдік құрылым мен қолданыста көрінеді. Метафораны зерттеуде оның қызметін екі жақты қарастырған жөн; біріншісі оның нысанға атау болуы, екіншісі көркем сөзді қалыптастыру тәсілі ретінде», – деген пікір айтады [4, 17 б.].

Отандық тіл білімін зерттеушілердің арасында А. Байтұрсынұлы: «Сөз көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастығы жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Біз метафора дегенде, мысал ретінде сөйлем не сөз тіркесіндегі ерекше мағынада метафоралы қолданылып тұрған сөзді аламыз, ал қалған сөздер өзінің тура мағынасында қолданылады», – дей келе, метафоралы қолданылған сөзді метафора фокусы деп атайды [5, 78 б.].

М. Балақаев «Метафора деп заттардың, құбылыстардың ішкі-сыртқы ұқсастығына қарай ауыс мағынада жұмсалуды айтамыз», – деген анықтама беріп, ақ алтын (мақта), қара алтын (көмір), дала кемесі (түйе) сияқты метафоралық тіркестердің жиі қолданылатынын көрсетеді [6, 45 б.].

Б. Қасым: «Метафора – тілде әмбебап құрылыс. Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды. Тілдегі сөз-жасам мен аталымды метафора тұрғысынан зерделеу тілде кенжелеу, назардан тыс қалып келеді. Метафораны зерттеушілер көбінесе бейнелеу, көркемдеу құралы, тәсілі ретінде қарастырады», – деп атап көрсетеді. Тілдік метафоралар – туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді» деген ғалым пікірі жаңа жасалымдардың туындауындағы метафора қызметінің маңызын көрсетеді [7, 23 б.].

Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» атты еңбегінде: «Тіл тарихын зерттеуде метафораның мәні зор, оны сөйлеу мәдениетіміздің бір көрінісі ретінде, образды ойымыздың дамуы мен қалыптасуын көрсететін элемент түрінде арнайы құрастыру қажет» - дейді. «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде ауыс (мағынада) қолданылуы» [8, 37 б.].

И.С. Мұратбаева былай деп көрсетеді: «Белгісізден белгілінің бір таныс жақтарын, сипатын ғылым прогресінің дамуына күш-қуат береді. Сонымен бірге, ғылымның дамуына ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындап танымның дамуына да себепкер болады» [9, 56 б.].

Ғ.Қ. Резуанова «Шындық болмыстағы белгілі бір сөзбен аталған зат немесе құбылыстың белгілерінің кейбіреулерінің көбінесе басқа бір заттың не құбылыстың не түр, не тұлға, я болмаса қимыл ерекшеліктерімен, тіпті кейде олардың ішкі мазмұны мен ортақтығына, ұқсастығына қарай бір зат не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы жасалады. Қазақ тілінде көп мағыналылықты туғызуды метафора басты рөл атқарады», – деген пікір айтады [10, 17 б.].

Метафоралардың сезімге әсер етуі, санада ерекше орнығуына эмоционалды-экспрессивтік стилистикалық сипаты мен танымдық табиғатына қатысты С. Қоянбекова: «Сөз байлығын арттыруда жеке қолданыстағы дербес-авторлық метафоралардың мәні ерекше. Метафора нақты мәтінде белгілі бір образды неғұрлым бейнелі, көркем суреттеу үшін ғана емес, автордың жалпы дүниетанымдық мәнге ие, концептуалды маңызға ие көзқарастар жүйесін жинақтап ұстап тұратын қасиетке де ие болып келеді» дегенді айтады [11].

А. Ысқақов былай дейді: «Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді» [12].

А. Сыбанбаева: «Адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептілерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафора туындайды. Сондықтан, метафораның жасалу механизмін зерттеу – адамның ойлау процесін зерттеу деген сөз» деген пікір білдіреді [13, 22 б.].

Г. Зайсанбаева: «Метафораның әр түрлі нысандар арасындағы ұқсастықтары солар туралы түсініктер арқылы қалыптасады. Сонымен қатар метафоралануға адамның эмоциялары, экстралингвистикалық білімі, тұрмыстық тәжірибесі кей жағдайда кездейсоқ түсініктер түрткі болып жатады. Адам тәжірибесі арқылы жинақталған білім қорындағы ақпараттардың өзара ауысуы танымдық үрдістермен байланысты. Аталым жасаудағы метафораның қызметі тілдің барлық салаларында қолданылады» [14, 24 б.] деген тұжырым жасаса, М. Серғалиев: «Метафора ауыстыру – екі нәрсені, құбылысты ауыстыру және таныстырып жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Ал метафораның алғашқы анықтамасы мен қызметін ойшыл Аристотель анықтап берген. Яғни мағыналық үйлесім қалыптастырудағы метафораның маңызды сипаттары – оның субъективтілігі мен ұғым тудыру қасиеті екендігін атап көрсетеді. Дүниені, болмысты танудың көзі – метафора. Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде

танымдық қызметінің үлес салмағы басым. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады» [15, 34 б.].

Берілген анықтамалардан байқап отырғанымыздай, қай дискурста, қай бағытта қолданылмасын, метафораның басты мақсаты – ойды астарлай отырып, көркем, образды түрде адресантка жеткізу.

Метафора түрлерінің ішіндегі саяси метафораларды зерттеп-зерделеу арқылы біз қоғамда болып жатқан өзгерістерге қоғам мүшелерінің көзқарасы мен әртүрлі мәдениет әлемінде болып жатқан жалпы тенденцияларды анықтап, баға бере аламыз. Әрбір саяси метафора субъектінің рөлі мен орны көрініс табатын саяси іс-әрекетті қабылдаудың үлгісін (моделін) қалыптастырады.

Саяси дискурстағы метафораның атқаратын қызметі зор, атап айтқанда, ол саяси дискурста жан бітіреді, Я. Эльсбергтің пікірінше, «позволяет увидеть ярко, картинно представить себе определенное явление жизни, ...кидает свет на самую сущность данного явления, позволяет лучше понять, оценить, определить его» [16, 20 б.]. Осылайша, саяси метафора оқырманның ерекше назарын аударады; оқыған адамның есінде біраз уақытқа дейін сақталатындай мәтінге көркемдік, эмоциялық, экспрессивтік сипат береді; ықпал ету құралы ретінде ассоциативті ойлауға әсер етеді; автордың жеке көзқарасын білдіруде тиімді құрал болып табылады, сондай-ақ ақпаратты нақтылау рөлін атқарады.

Сонымен қатар, метафора шешім қабылдау процесіне әсер ету мүмкіндігіне де ие. А.Н. Баранов пен Е.Г. Казакевич метафораның когнитивті күші проблемалық жағдайлардың шешімін табуға маңызды құрал болып табылады деп есептей келе, ойын былай түйіндейді: «Метафорическое мышление в политике является признаком кризисного мышления, мышления в сложной проблемной ситуации, разрешение которой требует значительных усилий от когнитивной системы человека по усвоению новых знаний и переработке их для построения множества вариантов действий и выбора правильной альтернативы» [17, 17 б.].

Айта кетерлік жайт, саяси дискурстағы кез-келген метафораны «саяси» деп есептейміз, яғни, контекстегі белгілі бір саяси тақырып аясында қолданылған метафоралар саяси метафоралар болып табылады. Саяси метафораның өзге метафора түрлерінен айтарлықтай ерекшелігі жоқ, ол тек қалыптасқан механизм арқылы жасалады, яғни предикат (метафораның шығу негізі) – ассоциативті ұқсастық белгісі – субъект (метафораның мақсаты). Аталған метафориканың «саяси» сипаты контекст арқылы анықталады, нақтырақ айтқанда, кез-келген саяси образ туындаған кезде басты субъект рөлін саясат саласына қатысы бар адам (зат, оқиға, құбылыс) атқарады. Ал предикаттың қызметін қазіргі тіл білімінің кез-келген семантикалық саласы атқаратындығы белгілі.

А.Н. Баранов пен Ю.Н. Караулов саяси метафораның негізгі мақсатын айқындауда келесідей анықтама береді: «политическая метафора есть речевое воздействие с целью формирования у реципиента либо положительного, либо отрицательного мнения о той или иной политической единице (политике, партии, программе, мероприятии)» [18, 189 б.].

Жоғарыда саяси метафораға қатысты берілген анықтамаларды ой елегінен өткізе отырып, саяси метафора саяси дискурста оқырман не тындарманның белгілі оқиғаға қатысты оң немесе теріс көзқарасын қалыптастырып, бағалаушылық және экспрессивті-эмоционалды сипат беретін көркемдік құрал деп тұжырымдауға болады.

Саяси дискурстағы саяси метафоралар қоғаммен бірге үнемі жаңарып, толығып отырады. Қоғамның саяси мәні бар әлеуметтік мәселелерін тілге тиек ететін «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Айтуға оңай» ток-шоуы мен Еуразия бірінші телеарнасындағы «Ашығын айтқанда» ток-шоуы негізінде саяси метафоралар тек қоғам қайраткерлері тілінде ғана емес, қоғам мүшелерінің, түрлі сала өкілдерінің, қарапайым халықтың тілінде де көрініс табатындығын байқадық. Демек, саяси метафоралар әлеуметтік мәселелер негізінде туындайды, бұл – қоғамның жанды бөлшегі болып табылатын әлеуметтік тұлғаның саясаттан тыс өмір сүрмейтіндігінің дәлелі. Аталған бағдарламалар арқылы саяси метафоралардың тууына сайлау саясаты, жұмыссыздық, айтыс, бала тәрбиесі, той т.б. әлеуметтік мәселелер негіз болған. Осыған сәйкес олардың жасалу жолдары да әртүрлі. Мәселен, «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Айтуға оңай» ток-шоуының «Тойшыл балалар» тақырыбында өткен бағдарламасында (*С.С. төменде берілген мәтіндердегі стильдік қателер түзетілмей, бастапқы нұсқасында берілді*) [19].

Жүргізуші: Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасаған халық сол тойдың өзін *табыс көзіне* айналдырып алды.

Бек Оспанов, ақын: Бүгінгі бүлдіршіндеріміздің өнерін байқап отырып, біз болашағына *балта шауып алмаймыз ба* деген ойдамын. Сол дүниені ертерек, *мал тауып жатқан жоқ па* деген ойдамын. Кішкентай ғана бүлдіршін шығып билеп еді, кішкене *қарны тойған ағалары* барып бір болмаған дүние, болмаған қылық, тиын-тебенді апарып, ананың іш киіміне қадап жатқан кезде сырттан қарап тұрған адам *намыстан жарылып кете жаздайды*. Баланы әлден ақшаға *буындырып, тұншықтырып* аламыз-ау. Осыларды *ақшаның буына буландырып*, ертерек пайдаланып жатқан жоқпыз ба?

Ардақ Исатаева, әнші: Продюсерінің айтуы бойынша, бұл балалар ақша табудың *көзі* емес, халыққа таныту.

Жүргізуші: Ал қазір ән айтып, той тойлағандар озып тұр. Балалардың *балалық шағын ұрлап* алмасак екен, мінез-құлқын бұзып алмасак екен.

Жоғарыда берілген контексте көз соматизмінің қатысуымен, балта шауып алмау, мал табу, намыстан жарыла жаздау, ақшаның буына буландыру, балалық шақты ұрлау сынды тіркестер арқылы жасалған метафоралар бала тәрбиелеу ісіне қатысты қозғалған тақырыптың ашылуына қызмет етумен қатар, көркемдік эксперссивтілік тудырып тұр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқылауға түсіп жүрген, халқымыздың төл өнері – айтыстың бүгінгі жағдайына қатысты пікірталас «Айтыс» тақырыбымен Еуразия бірінші арнасындағы «Ашығын айтқанда» ток шоуында да жалғасын тапқан [20].

Жүргізуші: Тәуір-ақ дамып аз жылда, Алаштың ардағына айналып үлгерген, кейінгі кездері *басынан дау арылмайтын* боп алды. Әңгіме айтыс туралы. Айтыстың *тізгінін* ұстап жүрген Жүрсін Ерманның айтуынша бүгінде бізде 200-ге жуық айтыскер бар екен.

Б. Тілеухан: Балғынбектердің айтысқа әкелген *құбылысы*, жаңалығы айтуға келмейтін нәрсе. Айтыс қазір көз алдымызда *шоуга* айналып бара жатыр.

Бейсен: Айтыс деген *саяси дода* емес қой, ол деген сөз таласы.

Сұлтанбек: Айтысты эфирге шығару деген проблема үлкен *күреспен* шыққан дүние. Ақын-жырауларды қосып, *тұздықтап отырып*, аудиторияны тартудың бірінші амалы болды.

Серік Абас Шах: Айтыс – «*автоланды*», «*нұрланды*», «*қысқабалақтанды*», жанрын ауыстырды, ол – ода.

Мухитдин Исламұлы, теология ғылымдарының докторы: Ақиқат айтылмаса, айтыстың *атасы өледі*. Меніңше, айтыс баяғыда *қайтыс болған*. Бұлар тек оқта-текте сол *айтыстың моласының* басына жақсылық үшін емес, бақсылық үшін жиналады. Айтыстан *жұрнақ* іздесең, Қытай қазақтарынан тауып қаларсың. Негізі, оларға Қытай ерікті айтысты жандандырындар деп бермеген. Өз еліндегі қазақ деген халықтың жаназасын шығарындар деп берген. Бұрынғының ақындары көргеннің көз жауын алатын *жорға* еді, бүгінгінің ақындары көрінгеннің «*дауын*» салатын *дорба* болды.

Б. Тілеуханов: Қазір бүкіл әлеуметтік желіде *майдан* жүріп жатыр. Майдан шепсіз. Біздің руханиятта да майдан жүріп жатыр.

Ж. Айтыс біреудің *қолшоқпары* болып кетті, біз ондай бола алмайды екенбіз дейді.

Сұлтанбек: *Қой-ешікісі, қоқыр-соқыры араласып кеткен*, аузына не түссе соны айтқан адамды аламыз да, миллион адамға соны таңамыз.

Серікзат Дүйсенов: Айтыс – қазақтың *жаны, қаны*.

Серік: Айтыс сол кезде ғана саясатқа *қолбала* болмайды немесе саясатқа оппозиция болмайды.

Бекболат Тілеухан: Шорабек айтыста өз алдына *жол салды*. Ақынның аузы арқылы өзінің жауапкершілігін, рөлін сезіндіретін жағдайда, жүгін сездіретін, *салмақ салу*, осының бәрі жүйелі түрде жасалуы керек. Осында айтылған сөздің бәрінің *жаны* бар.

Жүргізуші: Айтыс – қашан да халықтың сөзі айтылатын *мінбері* болатын. Бүгін одан кеп жеке топтардың *сойылын соғатын ойыншық* жасаудың қажеті жоқ.

Контекстен байқап отырғанымыздай, бұл хабарға қатысушылардың қатарында ақын да, қоғам қайраткері де, ғалым да, журналист те бар. Сондықтан да олардың сөз саптауларында оккозионал метафоралар – авторлық метафоралар жиі кездеседі. Мәселен, «*автоланды*», «*нұрланды*», «*қысқабалақтанды*», *айтыстың моласы, көрінгеннің «дауын» салатын дорба* – соған дәлел.

Ал, тізгін, тұздықтау, жұрнақ, жорға, қолишоқпар, қолбала, сойылын соғу, қой-ешкісі, қоқыр-соқыры араласып кеткен сынды сөздер мен сөз тіркестерінің метафоралануы арқылы саяси метафоралардың жасалуына қазақ халқы болмысы мен дүниетанымына сай байырғы сөздер негіз болған.

Қазіргі жаһандану, ғылым мен техниканың дамыған заманында әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны жөнінде де пікірталас жиі туындайды. Бұл да – қоғамның өзекті мәселесі. Жастарымыз тәрбие мен тәлім алғаннан гөрі, рейтинг жинау үшін неше түрлі оғаш көріністер орын алатын ютубтағы (Youtube) мәселелер «Ютубтағы сабаздар» тақырыбымен «Ашығын айтқанда» ток шоуында талқыланған, сондағы саяси метафоралардың қолданылуына назар аударайық:

Жүргізуші: *Түшкірсек* әлеуметтік желілерге, *тәй-тәй* бассақ видеохостингтерге тыным бермейміз. Кезінде сарғайған суретте жатқан ғұмыр, бүгінде серверлерде жатыр.

Нұрмахан: Олар үшін біз жаңадан ашылған «*Интернет жұлдызы*» болып шықтық.

Сабина: *Фаламтордың жұлдызы* боламын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмепті.

Жүргізуші: «*Жұлдыз*» *ауруына* ұшырап, сізді тыңдамай кеткен жоқ па? Асылжан сияқты жас жұлдыздармен бірге, жаңағыдай видеолардың да орын алуы көңілге кірбің ұялатады.

Жанболат: Бұрын әкеңе айтам, шешенге айтам деп қорқытатын болсақ, қазір «*ютубқа салып жіберем*» деп қорқытатын болды ғой заманның өзі. Қарағанды студенттерінің Харлем шейк билегені қоғамда үлкен *сілкініс тудырды*. Осы ютубқа сеніп, мені танымал етеді, мені биікке шығарады деген пікір қате секілді.

Жүргізуші: Ютубқа шықсаң, бір күнде *жұлдыз* болып кетуің мүмкін ғой, соны неге ойламадың?

Бүгінде, бұқаралық ақпарат құралдарында «жұлдыз» сөзі өнер иелеріне қатысты айтылатындығы белгілі. Берілген контексте «жұлдыз» сөзі «Интернет», «ауру» сөздерімен тіркесіп, ауыс мағынада қолданылған. Мұнда да танымалдылық мағынасында жұмсалып тұр.

Мемлекеттің тірегі, еліміздің келешегі саналатын жастардың тәрбиесіне ден қойған халқымыз олардың мінез-құлқын бақылап, бағыт-бағдар беріп отырады. Сондай бір «Ашығын айтқанда» талқылаудың арқауы болған «Желдей ескен, желбір өскен өскелең...» тақырыбы бойынша өрбіген сұхбат барысында: Бүгін біз ғылымда «мы-мы-мы», қазақша «мен-мен» атанған *жас буынның* мінезін әңгімеге арқау етеміз.

К. Бұрханов: Жастарымыздың бір тобы осыған *бет бұрады*. Жоғары білімді жас мамандар *қозғаушы күш* болды.

М. Манатбек: Біқылым заманнан бері жастарды *жоғалған ұрпақ* дейді. Жоғалған ұрпақ дегеннен гөрі, құрдымға кетіп бара жатқан қоғам дер едім. Бала – ата-ананың *айнасы*.

Рамазан Саттарұлы: Жастар – әлеуметтік зор *күш*, ресурс. Өзіне *қол* жинаймын десе, әлеуметтік желі арқылы жинай ма деген қауіп бар.

И. Ескендір: Замандас, *үзеңгілес* бауырларымыз бірін-бірі тартып, ағаларымыздың сынын тыңдап, алға жылжуымыз керек.

Контексте бағдарламаға қатысушы Парламент депутаты, журналистика саласыны маманы, әнші әрі жастар ұйымының белсенді мүшесі тіліндегі бұрыннан *қозғаушы күш*, *әлеуметтік күш*, *үзеңгілес* сияқты саяси метафоралардың қазіргі қоғамның дамуына сәйкес қолданылғандығын байқауға болады.

Ток-шоу бағдарламалары негізінде қазіргі саяси дискурста қолданылатын метафораларға талдау жасау арқылы мынадай қорытынды жасауға болады:

- әлеуметтік тұлға саясаттан тыс өмір сүрмейді;
- саяси метафоралардың жасалуына әлеуметтік мәселелер де негіз болады;
- белгілі бірі сала термині саяси метафора жасауға қатысса, ол термин аясынан шығып қалады;
- сөйлеу тілінде оккозионал метафоралар жиі қолданылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ыбырайым Ә.О. Бұқаралық коммуникация тілінің әлеуметтік проблемалары // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2013. – № 5-6. – 145-146 б.

[2] Аристотель. Сочинения в 4-х т. –М., 1984. – Т.4. – 830 с.

[3] Блэк М. Метафора // Теория метафоры. – М. Прогресс, 1990. – С. 153-172.

[4] Гак В.Г. Метафора: универсальное и специфическое // Метафора в языке и тексте. – М., Наука, 1988 – С. 253.

- [5] Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 463 б.
[6] Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1987. – 269 б.
[7] Қасым Б.К. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Филол. ғыл.докт. диссерт. – Алматы, 2002. – 313 б.
[8] Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 207 б.
[9] Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. Филол. ғыл.канд. диссерт.: – Алматы, 2000. – 251 б.
[10] Резуанова Ф.К. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар. Филол. ғыл.канд. диссерт.: – Алматы, 1999. – 165 б.
[11] Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистиканың негіздері. Филол. ғыл. докт. диссерт.: – Алматы, 2008. – 346 б.
[12] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 63 б.
[13] Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, 2002. – 22 б.
[14] Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі. Филол. ғыл. канд. автореф.: – Алматы, 2002. – 24 б.
[15] Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 141 б.
[16] Эльсберг Я. Образ в публицистике. –М.: Сов.печать, 1960. – № 10. – 18-27 с.
[17] Баранов А.Н., Казакевич Е.Г. Парламентские дебаты: традиции и новации. Советский политический язык (от ритуала к метафоре) – М.: Институт русского языка АН СССР, 1991. – 148 с.
[18] Баранов А.Н., Караулов Ю.Н. Русская политическая метафора (опыт словаря) – М.: Институт русского языка АН СССР, 1991. – 189 с.
[19] Қазақстан ұлттық телеарнасы, «Айтуға оңай» бағдарламасы.
[20] Еуразия бірінші арнасы «Ашығын айтқанда» ток-шоуы.

REFERENCES

- [1] Abraham A.O. *Bulletin of mass communication language of social problems*. National Literature series, 5-6, 2013, p. 145-146. (in Kaz.).
[2] Aristotle. *Works at 4 v.* -M., 1984. - V.4. 830 p. (in Russ.).
[3] Black M. *Metaphor*. Theory of metaphor. M. Progress, 1990, p.153-172. (in Russ.).
[4] Gak V.G. *Metaphor: the universal and the specific*. Metaphor in language and text. - M., Science, 1988 - p.253. (in Russ.).
[5] Baitursynov A. *Ak Zhol*. Almaty, 1991.- 463 p. (in Kaz.).
[6] Balakayev M.B. *Kazakh literary language*. Almaty, 1987, 269 p. (in Kaz.).
[7] Kasym B.K. *Kazakh names of the substance in a complex theoretical framework*. Philology. doc. dissert. : Almaty, 2002. - 313 p. (in Kaz.).
[8] Hassanov B. *Kazakh-language words are used metaphorically*. Almaty, 1966.-207 p. (in Kaz.).
[9] Muratbayeva I.S. *Currently Kazakh and Russian languages metaphoric terms semantics*. Philology. cand. dissert. : Almaty, 2000.-251 p. (in Kaz.).
[10] Rezuanova G.K. *Kazakh language and much more synonymous with the words, omonyms, antonyms series*. Philology. cand. dissert. : 1999 -165 p. (in Kaz.).
[11] Koyanbekova S.B. *Kazakh language expressive stylistic grounds*. Philology. PhD. Dr. Sci. dissert. : Almaty, 2008. - 346 p. (in Kaz.).
[12] Iskakov A. *Today Kazakh language*. Almaty, native, 1991.- 63 p. (in Kaz.).
[13] Sibanbaeva A. *The nature of the metaphorical language and conceptual metaphors*. Almaty, 2002. 22 p. (in Kaz.).
[14] Zaisanbayeva G. *Metaphorical names cognitive aspect*. Philology. Cand. avtoref. : Almaty, 2002.- 24 p. (in Kaz.).
[15] Sergaliyev M. *The stylistics base*. Almaty, 2006. - 141 p. (in Kaz.).
[16] Ellsberg J. Image in journalism. -M. : Sov.pechat, 1960. №10. p.18-27. (in Russ.).
[17] Baranov A.N., Kazakevitch E.G. Parliamentary debates: tradition and innovation. Soviet political language (from the ritual to the metaphor) - M. : Institute of Russian language of the AS of the USSR, 1991. - 148 p. (in Russ.).
[18] Baranov A.N., Karaulov Yu.N. Russian political metaphor (the experience of the dictionary) - M.: Institute of Russian language of the AS of the USSR, 1991. - 189 p. (in Russ.).
[19] Kazakhstan TV Channel. "Aituga onai" program.
[20] The Eurasia first TV channel. "Ashygyyn aitkanda" the talk-show.

СОЦИАЛЬНЫЙ АСПЕКТ ПОЛИТИЧЕСКИХ МЕТАФОР

Садуакасова С.А.

Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Ключевые слова: метафора, личность, дискурс, ток-шоу, аспект.

Аннотация. Политическая и социальная функция языка находят отражение в обществе в качестве коммуникативного средства. Коммуникация является одним из условий формирования личности в социуме.

Социальные группы не существуют изолированно от общества, они являются членами этого общества, принимая активное участие в средствах массовой информации, в различных культурно-массовых, литературных, спортивных мероприятиях и т.д. Определить кругозор, профессиональные взаимоотношения, профессиональные обязанности и цели носителей языка можно определить по особенностям и по содержанию речи участников политического дискурса. Политическая метафора в политическом дискурсе, формируя положительную или отрицательную реакцию реципиента на определенное событие, является также средством оценивания и экспрессивно-эмоционального воздействия. В данной статье рассматриваются социальный аспект и особенности использования в ракурсе политического дискурса в речи участников ток-шоу-программ метафор, указывающих на богатство словарного запаса и точности изложения темы. В процессе анализа языковых фактов было выявлено, что социальная личность не может существовать вне политики, что на возникновение социальной метафоры влияют социальные проблемы. Если в определенной сфере термин участвует в создании политической метафоры, он выпадает из этой терминологической области. Также установлен факт частого использования в речевой практике окказиональных метафор.

Поступила 22.05.2015 г.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

bulletin-science.kz

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. А. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 28.05.2015.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

17,7 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.